

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ 2012 жылдың алғашқы тоғыз айындағы қаржылық нәтижелері

Астана, 21 қараша 2012 жыл. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2012 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айлық мерзімге арналған аралық қысқартылған топтастырылған қаржылық есепті жариялайды.

- Ішкі нарыққа жеткізілетін өнім құнының артуына және экспорт үлесінің көбеюіне байланысты кіріс 605 млрд. теңгені (4 067 млн. АҚШ доллары)¹ құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден 11% артық.
- Таза пайда 173 млрд. теңгені (1 163 млн. АҚШ доллары), бір акцияға шаққандағы пайда 2 480 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,8 АҚШ доллары) құрады, осылайша 2011 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 5% және 9% артты.

Өндірістік көрсеткіштер

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Қазгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерін есептегенде, 9 108 мың тонна (тәулігіне 246 мың баррель) мұнай өндірді, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1%-ға кем.

«Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан былай «ӨМГ») 3 699 мың тонна (тәулігіне 99 мың баррель) өндірді, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 90 мың тоннаға кем. «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан былай – «ЕМГ») 2 096 мың тонна (тәулігіне 56 мың баррель) өндірді, яғни 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өзгеріссіз. ӨМГ мен ЕМГ жалпы өндіру көлемі 5 794 мың тоннаны құрады (тәулігіне 156 мың баррель).

Алғашқы тоғыз айдың нәтижелерін ескере отырып, Компания ӨМГ 2012 жылы 4,9 млн. тонна (тәулігіне 99 мың баррель) мұнай өндіреді деп есептейді. Компания ЕМГ бұған дейін 2012 жылға белгіленген 2,8 млн. тонна жоспарды орындайды деп есептейді. Осылайша, 2012 жылы ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіріс көлемі 7,7 млн. тонна (тәулігіне 156 мың баррель) деп күтілуде.

ҚМГ БӨ-дің ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларындағы өндіру үлесі 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында 3 313 мың тоннаны (тәулігіне 91 мың баррель) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегімен шамалас. ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының 2012 жылғы өндіріс жоспарлары өзгеріссіз қалады және 4,4 млн. тоннаны (тәулігіне 91 мың баррель) құрайды.

¹ Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2011 жылдың 9 айы мен 2012 жылдың 9 айындағы орташа бағам 148,66 тенге/ АҚШ долл., және 146,19 тенге/АҚШ долл., кезең соңында бағам 2012 жылдың 30 қыркүйегіне және 2011 жылдың 31 желтоқсанына 149,86 тенге/АҚШ долл. Және 148,40 тенге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

Мұнай сату

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ӨМГ және ЕМГ мұнай сатылымының экспорттық көлемі 4 624 мың тоннаны (тәулігіне 124 мың баррель) құрады, ішкі нарыққа 1 236 мың тонна (тәулігіне 33 мың баррель) жөнелтілді.

ҚМГ БӨ компаниясының ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының мұнай сатылымындағы үлесі 3 348 мың тоннаны (тәулігіне 93 мың баррель) құрады, оның 2 463 мың тоннасы (тәулігіне 68 мың баррель) экспортқа жіберілді, бұл компаниялардың жалпы сату көлемінің 74% құрайды.

Көрсетілген мерзімдегі таза пайда

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында таза пайда 173 млрд. теңгені (1 163 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5% артық. Бұған себеп – экспортқа шығарылатын өнім көлемінің артуы және ішкі нарыққа жөнелтілетін мұнай бағасының қымбаттауы, алайда қызметкерлерді марапаттау шығындарының артуы және кіріс салығының өсуі пайда көлеміне әсер етті.

Ақша түсімі

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында қаржы түсімі 605 млрд. теңгені (4 067 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден 59 млрд. теңгеге артық. Бұл ішкі нарықтағы бағаның былтырғы жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 36% артуына, экспортқа шығарылатын өнім үлесінің 6% көбеюіне байланысты.

Кіріс салығынан басқа салықтар

Кіріс салығынан басқа салықтар 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында 219 млрд. теңгені (1 472 млн. АҚШ доллары) құрады, 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өзгеріссіз қалды.

Өндірістік шығындар

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында өндірістік шығындар былтырғымен салыстырғанда 18%-ға өсіп, 104 млрд. теңгені құрады (698 млн. АҚШ доллары). Бұл өсімнің басым бөлігі қызметкерлерге төлемдердің артуына, сатылмаған мұнай көлемінің азаюына байланысты. Шығындар ұңғыларды жөндеу санының азаюына және ұңғы жөндеу құнының төмендеуіне байланысты жөндеу жұмыстары шығынының азаюымен ішінара теңгеріледі.

Сату шығындары және әкімшілік шығындар

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында сату шығындары және әкімшілік шығындар 75 млрд. теңгені (506 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2%-ға төмен. Бұл айыппұлдар мен өсімпұлдардың азаюына, «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ («ҚМГ»ҰК») басқару гонорарлар шығынының азаюына байланысты. Сату және әкімшілік шығындарының азаюы қызметкерлерге төленетін сыйақылардың артуымен, экспорт үлесінің артуына байланысты тасымалдау шығындарының артуымен, және әлеуметтік шығындардың көбеюімен өтелді.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар

2012 жылдың 12 шілдесінде Қаржы министрлігінің Салық комитеті ҚМГ БӨ 2006-2008 жылдардағы салықтарын тексеру жұмысын тәмамдады. 2011 жылдың қазан айында

басталған салық тексеруінің нәтижесінде салық органы қосымша 16,9 млрд. теңгені (соның ішінде 5,8 млрд. теңге – салық сомасы; 7,2 млрд. теңге – әкімшілік айыппұл және 4 млрд. теңге – өсімпұл сомасы) төлеуді талап етті. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ тексеру нәтижелері бойынша қаржы министрлігінде шағымдануда.

Операциялық қызметтен ақша ағымдары

Операциялық қызметтен ақша ағымдары 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында 95 млрд. теңге (640 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14% кем. Бұл айналымдағы капиталдың ұлғаюына, кіріс салығының көбеюіне байланысты болды, алайда ақша түсімінің көбеюімен ішінара өтелді.

Күрделі салымдар

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу) 76 млрд. теңгені (513 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың осындай кезеңіндегіден 13 %-ға жоғары.

Ақша қаражаттары және займдар

2012 жылдың 30 қыркүйегінде ақша қаражаттары мен олардың баламаларының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 207 млрд. теңгемен (1,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 72 млрд. теңге (0,5 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 30 қыркүйегіндегі басқа да қаржы активтерінің сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 511 млрд. теңгемен (3,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 558 млрд. теңге (3,7 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы құралдарын қамтиды. 2012 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигациялар сомасы 137 млрд. теңге (0,9 млрд. АҚШ доллары) құрайды.

2012 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша ақша қаражаттары мен қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) 87%-ы шетел валютасында, ал 13%-ы теңгеде қайта номинацияланды. Ақша қаражаттары мен қаржы активтері бойынша есептелген қаржылық кіріс (Облигацияны қосқанда) 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында 23,3 млрд. теңге (157 млн. АҚШ доллары) құрады.

2012 жылдың 30 қыркүйегі күнгі Компания займдарының сомасы 2011 жылдың 31 желтоқсаны күнгі 88,0 млрд. теңге (593 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 7,5 млрд. теңгені (50 млн. АҚШ доллары) құрады. 2009 жылдың желтоқсан айында ПҚИ акцияларының 33% сатып алуға байланысты ҚМГ ПҚИ Финанс Б.В қарызын Компания 2012 жылдың үшінші тоқсанында мерзімінен бұрын төлеп тастады.

Таза ақша қаражаттарының сомасы² 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы 629 млрд. теңгеге (4,2 млрд. АҚШ доллары) қарағанда, 2012 жылдың 30 қыркүйегінде 623 млрд. теңге (4,2 млрд. АҚШ доллары) құрады.

² Есеп беріліп отырған мерзімнің соңындағы займ сомаларын алып тастағандағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары және басқа да қаржылық активтер (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі.

Стратегиялық сатып алулардың үлесі

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында қауымдасқан компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 63 млрд. теңгені (424 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2011 жылдың сәйкес кезеңіндегімен салыстырғанда 10% кем, бұл экспорт көлемінің азаюына байланысты.

Қазгермұнай

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясындағы үлесінен 31 млрд. теңге (206 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті есебіне енгізді. 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3% артты, бұл негізінен, экспорт көлемінің азаюымен ішінара теңгерілген операциялық шығындардың төмендеуіне байланысты.

ПетроҚазақстан Инк.

2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясындағы өзінің үлесінен 33 млрд. теңге (221 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті есебіне енгізді. 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ПҚИ таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13% кеміді, бұл экспорт көлемінің азаюына байланысты.

CCEL

Компания 2012 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша өзінің балансында 19 млрд. теңгені (125 млн. АҚШ долларын) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2012 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 2,0 млрд. теңге (14 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

2012 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған мерзімге арналған қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есеп, сондай-ақ қаржылық жағдайдың талдауы мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның Интернет-сайтында (www.kmgep.kz) жарияланатын болады.

Қосымша ³

Жиынтық кіріс туралы топтастырылған қысқартылған есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгемен

	30 қыркүйекте аяқталған үш айға арналған		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арналған	
	2012	2011	2012	2011
Кірістер	206.099	145.689	604.642	545.747
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	22.125	21.185	63.030	69.764
Қаржылық кіріс	6.439	6.801	23.345	22.176
Түсім мен басқа кірістердің жиыны	234.663	173.675	691.017	637.687
Өндірістік шығындар	(33.087)	(25.149)	(103.820)	(87.847)
Сату және әкімшілік шығындары	(29.684)	(17.163)	(75.162)	(76.427)
Барлау шығындары	(731)	(1.951)	(5.057)	(2.629)
Ескіру, тозу және амортизация	(14.178)	(11.308)	(39.770)	(32.892)
Табыс салығынан басқа салықтар	(74.570)	(56.128)	(218.842)	(217.999)
Негізгі құралдарды шығарудан болған шығындар	(1.408)	(1.269)	(1.808)	(3.398)
Негізгі құралдарды шығарудан болған шығындар				
Қаржыландыру шығындары	(2.628)	(1.676)	(5.601)	(5.465)
Бағамдық айырмашылық кірістері / (шығыстары)	2.235	5.467	6.491	732
Салық салғанға дейінгі пайда	80.612	64.498	247.448	211.762
Табыс салығы шығындары	(29.241)	(14.187)	(74.612)	(47.113)
Кезеңдегі пайда	51.371	50.311	172.836	164.649
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	883	2.282	2.387	1.471
Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/ (шығыстар)	883	2.282	2.387	1.471
Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістердің жиыны	52.254	52.593	175.223	166.120
БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА – мың теңге				
Базалық және молайтылған	0,74	0,70	2,48	2,28

³Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептегенде кей цифрлар дөңгелектелді. Осының салдарынан жиынтық цифрлар бұған дейінгі цифрларға сәйкес келмеуі мүмкін.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы қысқартылған аралық жиынтық есеп (тексерілмеген)

Миллион теңгемен

	30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арналған	
	2012	2011
Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары		
Табыс салығына дейінгі пайда	247.448	211.762
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	39.770	32.892
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(63.030)	(69.764)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	1.808	3.398
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	508	1.544
Нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары	3.736	816
Үлес құралдарына негізделген шығыстарды тану	266	312
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	(5.566)	(2.315)
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	1.677	4.755
Қаржыландыруға плюс шығыстар	5.601	5.465
Инвестициялық қызметке жататын минус қаржылық кірістер	(23.345)	(22.176)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа активтердегі өзгерістер	175	(550)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	4.614	(2.791)
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	(14.026)	600
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	(3.929)	13.942
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(56.993)	(8.927)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	18.509	(8.350)
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	3.073	(4.800)
Резервтердегі өзгерістер	8.560	7.059
Төленген табыс салығы	(73.777)	(52.895)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары	95.079	109.977
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары		
Негізгі құралдарды сатып алу	(67.666)	(57.828)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	825	655
Материалды емес активтерді сатып алу	(8.645)	(9.643)
Бірлескен кәсіпорындарда үлес сатып алу	–	(23.907)
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(1.724)	(1.206)
Бірлескен кәсіпорындар мен еншілес компаниялардан алынған дивидендтер	66.153	55.919
«ҚМГ ҰК» қарыз құралына салынған инвестицияның өсімақысы	6.586	6.462
Өтеуге дейін ұсталып отырған қаржы активтерін сатып алу/сату	(92.036)	28.911
Басқа да қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер	5.546	–
Байланысты тараптың займдарын өтеу	2.856	–
Еншілес ұйымдарды сатып алудың шегерілген төлемдері	–	(416)
Алынған сыйақы	2.345	3.701
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары	(85.760)	2.648
Қаржылық қызметтен ақша ағымдары		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(25.399)	(10.328)
Займдарды өтеу	(81.129)	(34.957)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(33.886)	(19.210)
Төленген сыйақы	(2.975)	(4.665)
Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары	(143.389)	(69.160)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	(134.070)	43.465
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	206.512	98.520
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша оң/(теріс)бағамдық айырмашылық	(4)	720
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	72.438	142.705

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық топтастырылған есеп

Миллион теңгемен

	30 қыркүйек 2012 года (тексерілмеген)	31 желтоқсан 2011 года (тексерілген)
АКТИВТЕР		
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	376.806	338.860
Материалды емес активтер	24.852	26.638
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	95.025	116.526
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	153.243	133.228
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	17.597	18.138
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	10.397	8.494
Басқа да қаржылық активтер	1.068	188.803
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	13.338	9.450
Басқа активтер	12.652	19.593
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	704.978	859.730
Ағымдағы активтер		
Тауар-материалдық қорлар	18.215	22.651
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлеу	–	9.971
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	36.763	22.738
Алдағы кезеңдердің шығындары	15.984	12.054
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	141.558	84.126
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	1.136	1.361
Басқа да қаржы активтер	556.970	321.890
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	72.438	206.512
Ағымдағы активтердің жиыны	843.064	681.303
Активтер жиыны	1.548.042	1.541.033
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	173.751	198.452
Басқа резервтер	2.390	2.124
Бөлінбеген пайда	1.166.348	1.083.749
Басқа капитал құрамы	16.741	14.354
Капитал жиыны	1.359.230	1.298.679
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Ұзақмерзімді міндеттемелер		
Займдар	4.999	33.034
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	1.731	2.049
Резервтер	41.122	37.846
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны	47.852	72.929
Ағымдағы міндеттемелер		
Займдар	2.497	54.931
Төленетін кіріс салығы	2.281	–
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	53.981	50.908
Сауда және кредиторлық қарыз	68.213	48.680
Резервтер	13.988	14.906
Ағымдағы міндеттемелер жиыны	140.960	169.425
Міндеттемелер жиыны	188.812	242.354
Міндеттемелер мен капитал жиыны	1.548.042	1.541.033

Төменде 2011 және 2012 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айға, көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

9 ай 2012, (доллар АҚШ/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі
Жарияланатын нарықтық баға	112,24	112,24	-
Сату бағасы	109,17	109,97	35,06
Сапа банкі	-	(7,32)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	0,15	8,82	-
Сатылған баға	109,32	111,47	35,06
Ренталық салық	(23,73)	(24,03)	-
Экспорттық кедендік салық	(5,46)	(4,98)	-
Көліктік шығындар	(7,55)	(7,14)	(1,05)
Сату бойынша комиссия	(0,03)	(0,03)	-
Нетбэк	72,55	75,29	34,01

9 ай 2011, (доллар АҚШ/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі
Жарияланатын нарықтық баға ⁴	111,89	111,89	-
Сату бағасы	106,15	110,40	26,31
Сапа банкі	-	(9,28)	-
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,12)	9,34	-
Сатылған баға⁵	106,03	110,46	26,31
Ренталық салық	(24,78)	(24,84)	-
Экспорттық кедендік салық	(5,10)	(5,10)	-
Көліктік шығындары	(7,70)	(7,55)	(1,36)
Сату комиссиясы	(0,07)	(0,07)	-
Нетбэк	68,38	72,90	24,95

Анықтамалық ақпарат	9 ай 2012	9 ай 2011
Кезеңге орташа бағам US\$/KZT	148,66	146,19
Кезең соңындағы бағам US\$/KZT	149,86	147,87
ҚМГ БӨ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПКИ үшін баррельдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

⁴Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды

⁵Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 коэффициенті бойынша алынды

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2011 жылы 12,3 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 54 33)

Әсел Қалиева

e-mail: ir@kmger.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 79 15)

Жұлдыз Джумадилова

e-mail: pr@kmger.kz

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.